Ұ Й Ғ А Р Ы М
талап қою арызын соттың іс жүргізуіне қабылдау және азаматтық істі қозғау, істі сот талқылауына дайындау туралы

20 наурыз 2019 жыл Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ғ.Ә.Бектаев талап қоюшы «Best PRO» ЖШС-ң жауапкер «Шардара ауданының Ақшеңгелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-не ұйымдастырылған конкурсқа артық қойылған талаптарын заңсыз деп тану туралы талап қою арызын қарап,

А Н Ы Қ Т А Д Ы :

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілгендей талап қою арыз берген.

Аталған талап қою арыз Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралуға жатады.

Талап қою арыз мазмұны мен формасы жағынан және оған тіркелген құжаттар Қазақстан Республикасы АПК-нің 148, 149- баптарының талаптарына сәйкес келеді.

Талап қою арыз қазақ тілінде берілген, сондықтан АПК-нің 14-бабының 2-тармағына сәйкес сот ісін жүргізу тілі ретінде қазақ тілін белгілеуге жатады.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 163-бабына сай арыз соттың іс жүргізуіне қабылдағаннан және азаматтық іс қозғалғаннан кейін, судья оны уақтылы және дұрыс шешуді қамтамасыз ету мақсатында істі сотта талқылауға дайындауды жүргізеді.

Жоғарыдағылардың негізінде және АПК-нің 150, 163-баптарын басшылыққа алып, судья

Ұ Й Ғ А Р Ы М Е Т Т І :

талап қоюшы талап қоюшы «Best PRO» ЖШС-ң жауапкер «Шардара ауданының Ақшеңгелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-не ұйымдастырылған конкурсқа артық қойылған талаптарын заңсыз деп тану туралы талап қою арызы соттың іс жүргізуіне қабылданып, азаматтық іс қозғалсын.

Сот ісін жүргізу тілі ретінде қазақ тілі белгіленсін.

Істің мән-жайларын ескере отырып, істі сот талқылауына дайындау тәртібімен төмендегі әрекеттер жасалсын:

- дәлелдерді негіздейтін дәлелдемелерді қоса тіркеп, талап қоюшы мәлімдеген талаптарға жазбаша пікірді сот белгілеген мерзімде ұсынуды жауапкерге міндеттелсін.

- тараптарға олардың процестік құқықтары мен міндеттері түсіндірілсін, ұсынылған процестік құжаттар және тараптар өзара даулайтын мән-жайлар бойынша түсіндірмелер беру ұсынылсын.

- тараптарға дәлелдемелерді сот белгілеген мерзімде уақтылы ұсынбаудың және процесті негізсіз созудың осы Кодексте белгіленген құқықтық салдары түсіндірілсін.

- тараптарға дауды татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды партисипативтік

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 20.03.2019

рәсімтәртібімен реттеу туралы келісіммен шешу не дауды шешу үшін төрелікке жүгіну құқығын және олардың құқықтық салдары түсіндірілсін.

- іске қатысатын адамдардың құрамы туралы, оның ішінде үшінші тұлғалардың іске кіруі, сондай-ақ, тиісті емес жауапкерді алмастыру туралы мәселелер шешілсін.

- осы іс бойынша сот талқылауының аяқталуына мүдделі адамдарды сотқа талап қою арызының келіп түскені туралы хабардар етілсін.

- тараптың өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша сараптама тағайындау, сондай-ақ іске қатысуға маманды, аудармашыны тарту туралы мәселелер шешілсін.

- куәларды сот отырысына шақыру туралы мәселе шешілсін.

- өтінішхат бойынша тараптар азаматтарды және заңды тұлғаларды істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызы бар дәлелдемелерді ұсынуға міндеттелсін, осы Кодекстің 73- бабының жетінші бөлігінде белгіленген құқықтық салдар түсіндірілсін.

- егер тараптар арасында сотқа дейін реттеу тәртібімен партисипативтік рәсім жүргізілген жағдайда тарапты оны жүргізу барысында алынған құжаттарды және дәлелдемелерді ұсыну міндеттелсін, талап қоюшыдан ол мәлімдеген талаптардың мәні бойынша жауап алынсын, одан ол даулап отырған фактілерді, жауапкер тарапынан ықтимал қарсылықтарды анықтап, егер бұл қажет болса, қосымша дәлелдемелер беру ұсынылсын, тараптарға олардың процестік құқықтары мен міндеттері түсіндірілсін.

- істі дұрыс әрі уақтылы қарау және шешу үшін өзге де қажетті процестік әрекеттер жасалсын.

- тараптар 27 наурыз 2019 жылы сағат 11-40-ке істі сот талқылауына дайындауға шақыртылсын.

Судья Ғ.Ә. Бектаев

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 20.03.2019